

«Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Шымкент қаласының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті» мемлекеттік мекемесі



Қазақстан Республикасы 010000, Әл
Фараби ауданы, Ахмет Байтұрсынов
көшесі 66

**Государственное учреждение
"Департамент по обеспечению
качества в сфере образования
города Шымкент Комитета по
обеспечению качества в сфере
образования Министерства
просвещения Республики
Казахстан"**

Республика Казахстан 010000, Аль-
Фарабийский район, улица Ахмет
Байтұрсынов 66

08.06.2026 №ЖТ-2026-02140733

ДҮЙСЕН АБЗАЛ ДАНИЯРҰЛЫ

КАЗАХСТАН, ШЫМКЕНТ, АБАЙСКИЙ,
МИКРОРАЙОН Шугыла, 367

На №ЖТ-2026-02140733 от 20 мая 2026 года


Шымкент қаласының Білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті (бұдан әрі - Департамент) Сіздің 2026 жылғы 20 мамырдағы №ЖТ-2026-02140733 өтінішіңізді қарап, төмендегіні хабарлайды. «Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 81) тармақшасына сәйкес білім беру саласындағы уәкілетті органның құзыретіне педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын, сондай-ақ педагог қызметін курстан кейін қолдауды ұйымдастыру және жүргізу қағидаларын, педагогтердің біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламаларын әзірлеу, келісу және бекіту қағидаларын, біліктілікті арттырудың ваучерлік-модульдік жүйесінің әдістемесін, мемлекеттік білім беру ұйымдары, сондай-ақ мемлекеттік білім беру тапсырысын алатын білім беру ұйымдары педагогтерінің біліктілігін арттыру курстарының құнын айқындау әдістемесін әзірлейді және бекітеді, сондай-ақ педагогтерді қайта даярлауды және олардың біліктілігін арттыруды ұйымдастыру кіреді. Сонымен қатар, аталған Заңның 37-1-бабына сәйкес жеке педагогтік қызмет, сондай-ақ, тендер бағыты бойынша 1–3 ай мерзімінде қысқа мерзімді оқу курстарын өткізу үшін білім беру қызметі лицензияланбайды. «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес білім саласындағы уәкілетті орган «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметтің басталғаны немесе тоқтатылғаны туралы» және «Кәмелетке толмағандарға білім беру-сауықтыру қызметтерін ұсынуды қамтымайтын, балаларға арнаған қосымша білім беру саласындағы қызметтің басталғаны немесе тоқтатылғаны туралы» хабарламаларды қабылдайды. Жоғарыда айтылғанның негізінде, Сіздің өтінішіңізде көрсетілген тендер саласы бойынша қысқа мерзімді оқыту курстары білім саласындағы уәкілетті орган құзыретіне жатпайтынын хабарлайды. Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 91-бабына сәйкес, әкімшілік рәсімге қатысушы әкімшілік (сотқа дейінгі) тәртіппен әкімшілік әрекетке (әрекетсіздікке) шағым жасауға құқылысыз.

Қабылданған шешіммен келіспеген жағдайда, Сіз оған Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің 91-бабына сәйкес шағымдануға құқылысыз.

В случае несогласия с принятым решением, Вы вправе обжаловать его в соответствии со статьей 91 Административного процедурно-процессуального кодекса Республики Казахстан.

департамент басшысы

ӨЛІШ РЫСКЕЛДІ САЛХУТДИНҰЛЫ



Орындаушы

ТӨЛБАСИЕВА НАЗИРА ТӨЛБАСЫҚЫЗЫ

тел.: 7252280901

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе.

Қабылданған шешіммен келіспеген жағдайда, Сіз оған Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің 91-бабына сәйкес шағымдануға құқылысыз.

В случае несогласия с принятым решением, Вы вправе обжаловать его в соответствии со статьей 91 Административного процедурно-процессуального кодекса Республики Казахстан.